



QOR.KZ

Үздік кітаптардың қысқа мазмұндамалар қоры

Дональд Трамп: Ешқашан берілме!

Дональд Трамп – АҚШ-ның ең ірі «Trump International» құрылыс корпорациясының иегері, миллиардер. Оның *«Ешқашан берілме!»* атты еңбегін назарларыңызға ұсынамыз.

Қиыншылықтарды жеңу, сынақтардан сүрінбей өту әрбір пенденің өмірдегі басты мақсаты және ұстанымы. Ешқашан берілгіміз және жеңілгіміз келмейді. Бірақ осының бәрін жасап жатырмыз ба? Қалауымыз орындалып жатыр ма? Күнделікті өмірімізде біз көптеген қиындықтарға тап боламыз. Кішкене келеңсіздіктерге шыдамай өмірге жеңіл қарап, өмірде қанша адамдар сынып жатыр. Өзін керексіз бір адам ретінде санап түңіліп кететін адамдар да болады, солай емес пе? Тіпті, бастамай жатып, қол сілтейтіндер де жеткілікті. Бұның барлығы ненің салдарынан деп ойлайсыздар? Егер үлкен жетістікке қол жеткізем десеңіздер, көптеген кедергілерге қарсы тұруды үйренгілеріңіз келсе, бүкіл әлемге, бастысы өзіңізге қандай мүмкіндікке ие екеніңізді көрсеткіңіз келсе, ата-ана және Отан алдындағы борышыңызды орындағыңыз келсе, онда әлемді мойындатқан Дональд Трамптың *«Ешқашан берілме!»* атты еңбегін оқып көруіңіз.

Өмірде адам басынан қиыншылық өтпей қоймайды. Менің айтқаныммен бәрі келісер. Қандай көлемдегі сынақтар болмасын, оны бастан кешірген адамдар бір-бірін жақсы түсінеді. Бір жазушы айтқан еді: бұл жерден әлі ешкім тірі кеткен жоқ деп. Мүмкін артық айтам, бірақ қарыздарыңыз миллиард доллар көлемінде болса, басқа дәрежеде ойлай бастайсыз. 90-жылдары менің өз кепілдігіммен алған қарызым 975 миллион болды. Мен банкрот болдым, банктер кудалады, адамдардың барлығы мені

көрсө ат тонын ала қашатын. Тоқырау кезеңі еді, жылжымайтын мүлік нарығы уақытша өмір сүруін тоқтатты. Бір сөзбен айтқанда, қайғылы кездер болды. Радиостанциялар бұл мағлұматты желдің жылдамдығындай жылдам таратты. Барлығы тек менің империямның құлағаны туралы айтып жатты. Ол әлем жаңалығына айналды, бір ауыздан барлығы «бітті!» деді. Әрине, бұл керемет жаңалық болар еді, менің орнымда басқа біреу болса! Өмірімнің өте қиын кездері. Өзімнің кінәм өзімді сәл жетістікке жеткеннен соң, патша Мидастай сезініп кеттім. Ақыры мені құртқан менің өзімшілдігім болды. Дегенмен, беріле салу менде жоқ қасиет. Осының арқасында және маған айтылған сын-пікірдің арқасында мен сол сәтсіздіктен жеңіспен шықтым. Мені бұрышқа итерген сайын, мен жоғалтқанымды еселеп қайтаруға деген құлшынысым да күшейді. Өзімнің ұстанымымда берік тұру, табандылығым, күш-қайратым, алға қойған мақсатқа қайтсемде жету, берілмеу арқылы ғана олардың қателескенін мойындата алатынымды түсіндім. Осы кезде маған не күш берді? Сенесіздер ме, осы келеңсіз жағдайды мен сәтті мүмкіндік ретінде санадым. Барлық мені көре алмағандарға, сыншыларыма, бәріне менің алдыңғы жетістігім кездейсоқ нәрсе еместігін, менің ойыммен санасу керек екенін дәлелдегім келді. Осыдан алған менің сабағым - ойыңызды мәселеге емес, оның шешіміне жинақтау қажет.

Мені Гиннесс рекордтар кітабына түседі деп ойладыңыздар ма? Жоқ, бірақ менің ол кітапқа есімім 1990-жылдардағы қаржылық құлдырауға байланысты енген. Мен бұны мақтан тұтамын. Бұл жағдай маған атақ пен даңқ сыйлады.

Адам өмірінің басты құндылықтарының бірі **тұтастық**. Бұл түсінік бізді бақытты, денсаулығы мол, көздеген мақсаттарға тиімді жеткізетін өмірді құраушы тіркестер. Тұтастыққа антоним ретінде «сәтсіздік» сөзін алдым. Егер сәтсіздікке ұшырасаңыз, ондай кездер болып тұрады, оған қарсы ем - тек алға, сәтсіздік ешқашан ұдайы болмайды. Бұл бізді дұрыс әрекеттер істеуге қуаттайды. Ақыры әр нерсе өзінің шешімін табады. Көптеген жандар тығырыққа тірелгенде, сәтсіздік олардың тағдыры деп балайды. Ең басты

күпия – мықты жігердің және асқан төзімділіктің басым болуы. Себебі кезкелген мәселе – біздің өміріміздің жартысы. Келісесіздер ғой? Сол мәселелер арқылы ғана өзімізді шыңдап, жетістікке жете аламыз. Егер сіз бизнес ашуға дайын болсаңыз, сізге олқылық, ағат шешімдер, тіпті дерттер қорқыныш тудыра алмайды. Ешқашан сіздің, иә мына сіздің тап болған күйіңіз, ең нашары емес. Мен уәде бере алам, жан-жағыңызға қараңыз, сізден ауыр күнді бастан кешіп жатқан адамдар бар. Ең дұрысы, ондай жағдай туа қалса, өзіңіздің мүмкіндіктеріңіз бен күшіңізге, ал бастысы жетістікке жетемін деп сену керек. Бұл тірі қалудың немесе қайтсем де жетістікке жетудің амалы емес, бұл - сіздердің міндеттеріңіз!

Бәрі сіздің қолыңызда! Мен әрқашан басқа адамдардың ойын тындай біліңіздер, ал шешімді өздеріңіз қабылдаңыздар деймін. Оқырмандар, ешқашан интуицияңызды ескермеуге болмайды. Алайда, тәуекелге бас тіккенде, одан ұтатын әлеуетті олжа оған тұрарлықтай болсын! Әрбір мәселенің шешімін дұрыс тауып, не істеп жатқаныңызды нақты білу керексіз! Егер жағдай сіздің жоспарыңызға қарама-қайшы келіп жатса, «Бұл не? Келеңсіз жағдай ма, әлде зілзала ма?», - деген сұрақ қойыңыз. Біз Чикагода 2,7 миллион шаршы фунд, 92 қабатты, 800 миллион долларды құрайтын жоба жасадық. Оның құрылысы барысында көптеген қиындықтарға тап болдық. Бірақ жоба таңғажайып құрылыс болып қала бермек. Сіз жаһандық жоба барысында қиыншылыққа тап боламын деп білдіңіз бе? Иә. Ал бұл қиыншылықтарға шыдамай, бағытыңызды бұрып жібересіз бе?

Қандай жағдай болмасын, бұндай жағдайды болдырмаңыз! Сіздің шығармашылыққа деген талпынысыңыз барлық қиындықтарды жеңеді. Алдыңызда дауыл, тасқын күтсе де, жұмыстан шығарып жіберсе де, не жанжал болмаса да, сіз оларды жеңе аласыз! Себебі, сізде **тегін сақтандыру полисі** бар, қандай дейсіздер ғой, әрине, ол -сіздің берік ұстанымыңыз «Ешқашан берілмеу!».

Шайқасқа дайынмын!

Сохо – Нью-Йоркте орналасқан шағын ғимараттармен салынған аудан. Бұл территория қатаң муниципалды ережелерге бағынады. Менің мақсатым, бұл жерде ХХІ ғасырдың қонақ үйін салу болды. Бұл жер өте ыңғайлы. «Трамп Сохо» деп аталған 45 қабатты, құрылысы 450 миллион долларды құрайтын кондоминимумды жергілікті тұрғындар қарсылықпен қабылдады. Әрине, біз оған дайын болдық! Жоба бүкіл бөлшектеріне дейін ашық көрсетіліп, біздің құрылыс Сохоның аудандық заңының бүкіл талаптарына сай болды, ақыры бір жылдан кейін рұқсатқа қол жеткіздік. Қиындықтар біз ойлағаннан да көп еді. Бұл ірі көлемді жоспар, алайда біз де оны жүзеге асыра алмайтындай майда емеспіз! Жайсыздық - өмірлік жағдайлардың бір көрінісі. Бір күнімізді болсын онсыз өткізуге деген мүмкіндігіміз аз. Жайсыздықтарды наразылық пен түңілу деп емес, өз күштеріңізді көрсетуге шақырту деп қабылдаңыз. Мәселелерден әрдайым жоғары тұра біліңіз, өзіңіздің құқығыңызды қорғауға әрқашан дайын болыңыз, сонда ғана бәрі жақсы болады! Ешқашан берілмеудің арқасында адамдарға қол ұшын бере аласыз! Кейде біреуге бірдеңе беру арқылы, тағы бір талантыңызды ашуға мүмкіндік береді. Қарапайым мысал келтірейін, жылда мен сурет салып, шетіне қолтаңбамды қойып, оны аукционда сатамын. Кейіннен, түскен ақшаны Нью-Йорктағы аш халыққа таратып береміз, бір сөзбен айтқанда қайырымдылық қорын көптеп ұйымдастырамыз. Бұл қаражатты айтпағанда, уақытты да, үлкен күш-қайратты да талап етеді. Бірде менің танысым, бұның бәрі саған не үшін қажет дегенде: **«Себебі ол менің қолымнан келеді!»**, - деп жауап бердім. Ойлап көріңіздер, **«Себебі мен істей аламын!»** қандай керемет сөз. Егерде сіз ұстанымыздан бас тартпайтын адам болсаңыз, бір кездері басқаларға да қол ұшын бере аласыз, осыны ұмытпаңыз!

Мәселенің бар екенін ұмытпаңыз, сонда ғана олар алаңдатушылық туғызбайды. Бұл сөздерді ылғи да қайталап тұрған жөн. Үлкен мақсатқа жету үшін көп тер төгу керектігін ұғынған шығарсыз. Жобаңыздың масштабы

қаншалықты екендігі маңызды емес, бастысы келеңсіз жағдайлардан қашып құтыла алмайтыныңызда. Сіздің тегіңіз мейлі Трамп, не басқа болса да, жетістікке жетудің басты жолы қиындықтармен күресе білу. Бұған дайын болыңыз! Наразы топқа қосылмаңыз, жетістік тек сіздің қолыңызда! Қазір бір келеңсіз жағдайға тап болдыңыз делік. Сіз жалғыз емессіз, оған сенімді болыңыз! Наразы топқа қосылу, қосылмауыңыз сіздің позитивті көзқарасыңызда. Жағдайды бақылаудан өткізсеңіз, кімнен көмек сұрау керектігін түсінесіз, әрине, ол өзіңізден! Сіз тағы баға жетпес ашылым жасайсыз, жетістіктің, бақыттың, күш-қуаттың, денсаулықтың кепілі ол тек мына өзіңіз. Кейде өзімшілдігіңізді жаншып, басу керек. Егер бар мәліметтерден жаңа нәрсе ойлап тапқыңыз келсе, ол өте қиын шаруа. Сізден табандылық пен жігерлік қажет, бұл қиындықтардың бәріне төзу үшін қиын жағдайлар көптеп болады. Батыл болу, үрейдің жоқ болуы емес, оны жеңе білуінде. Мойындаңыздар, жеңілу оп-оңай нәрсе, әрі ол бейбақ адамның тірлігі. Көп жағдайда осы табандылық пен қиындыққа сынбайтын қасиеттері арқылы қарапайым адамдар биік қамалдарды ала алады.

Айқын мысал ретінде ер жүректігінің арқасында атақты тұлғаға айналған – Авраам Линкольнды айтсақ болады. Өзіңе деген сенімділікті құраушылардың бірі – ержүректік. Черчилль дүниежүзілік соғыс кезінде халыққа мына сөздерді айтқан болатын: *“Ешқашан, ешқашан, ешқашан үлкен не кіші болсын, жас не ұлы шаруа болсын, ешқашан қандай жағдай болса да, дұрыс шешім мен ар-ұяттан басқа ештеңеге берілмеңіздер. Ешқандай күшке бағынбаңыздар, алдарыңыздағы қарсылас мықты болса да, кейін шегінуші болмаңыздар.”*

Естеріңізде ме үрейді жеңуге болады деп айтып едім ғой? Ержүректілік, жеңіске деген зейін қою жетістіктің кілтін алып береді. Жігерлі болыңыздар, биік қамалды сонда ғана ала аласыздар. Асқан ынта болған жағдайда ғана жетістікке жетесіздер. Сіздің жұмысыңызға оптимистік көзқараспен қарайтын кәсіби мамандармен жұмыс істеңіз. Егерде сіз жұмысыңызды жақсы көрсеңіз, кедергілерді жеңу әдеттегі шаруаның біріне

айналады. Мәселелер мен сәтсіздіктер сіз ойнап жатқан ойынның бір бөлігі деп санаңыз. Егерде мәселелер болмаса, ісіңіздің маңызды болмағаны, яғни одан үлкен мүмкіндіктер күтудің қажеті жоқ. Маңызды мүмкіндіктер сәйкесінше ірі мәселелерді алып келеді. Сондықтан да, сынаққа дайын болыңыздар. Мынадай жағдайға ұшырайсыздар ма?: - Қолыңыздан келгеннің барлығын істеп, алайда оның нәтижесіз болғанын аңғарасыз. Сонда мына сұрақтар туындайды: қалай және қашан бұл әрекеттерді тоқтату керек? *“Әдетте, мен шамадан тыс сабыр сақтаймын”*, - дейді автор. Кейде өзіңізді жеңімпаз ретінде мойындау керек, ұтылған жағдайдың өзінде бір бағалы мағлұмат алдыңыз ғой, иә?! Бұны жаңа бір тәжірибе ретінде қабылдап, сәтсіздікті өзіңіздің пайданызға асырыңыз. Жай ғана жан-жағыңызға қарап, жаңа мүмкіндіктерді іздеңіз!

Бизнес - әлемді танып-білудің жаңа амалы! Бірнеше жыл бұрын осындай ұйғарымға келдім. Бизнеске деген бұл көзқарас баяғыда тіпті аңғармаған көптеген мүмкіндіктерге жол ашты. Барлықтарыңызға берер кеңесім - негізгі бизнеспен шектелмей, кеңірек қарап үйреніңіздер. Әрине күніне бір сағаттай уақытты алу мүмкін, бірақ нәтиже оны ақтайды. *“Неге мен бұған сенімдімін? Сіздер қай елде тұрасыздар? Трамп деген адам туралы естідіңіздер ме? Сіздің сұрағыңызға жауабым осы”*, - дейді автор. Өмірге хамелеон секілді бейімделіңіздер. Мүмкіндік туа қалған жағдайда, міндетті түрде оны қолданыңыз. Тәуекелге бел буып, қателіктерге тап болған жағдайда ғана сіздер баға жетпес тәжірибеге қол жеткізесіз. Міне, сол кезде, қандай мүмкіндікке ие болғандарыңызды түсінесіздер. Бар ынтаңызбен шаруаға араласыңыз. Тіпті *«Қолымнан келетініне сенімсізбін»*, - деген сияқты ойларға уақыт қалдырмаңыз, керісінше өзіңізге: *«Бағымды сынап көрейін, барлығы жақсы болады!»*, - деп айтыңыз.

Кез-келген адамдар өмірде қисынсыз жағдайларға тап болады, мен де солардың қатарындамын. Қиын жағдай кезінде, ол күлкілі болмайды, алайда өмір сонысымен қызық. Бақытқа орай, кез-келген жағдайдан шығатын жол бар. Сенімді түрде мақсатқа ұмтылыңыз, назарларыңызды қиындықтар мен

кедергілерге және олардан қашып құтылудағы күшке жұмсамаңыздар. Керісінше, оларды өз өміріңізге қабылдап, сіздерге жұмыс істейтіндей етіңіз. Күмәнді жағдайларды қолға алу арқылы ғана адамдарды өз жағыңызға тартасыз. Икемдірек болып, қиын жағдайларды туа салысымен шешіңіз! Тағы бір ескерілетін нәрсе – **өзімшілдік**. Егерде сіз зердесіз қателік жасамайтындығыңызға сенімді болсаңыз, онда міндетті түрде қателік жасайсыз. Өзімшілдік – өз-өзіңді құрту. Сіздің жетістіктеріңіз бен табысыңыздың барлығы тырысқаныңыздың арқасы. Үй болсын, басқа да қажет заттарға тынбай еңбектенгеннің нәтижесі арқылы қол жеткіздіңіз. Бірақ егер сіз тәкаппарлық және мансапқорлыққа жол берсеңіз, пьедесталдан құлап кетесіз. Бұған мен кепіл бола аламын, себебі бұндай жағдай менің басымнан өтті. Қарсыластарыңыздың наразылығы көбейген сайын өзіңізге одан күш-қуат аласыз. Кедергіге тап болғанда, наразылыққа берілмей, сеніміңізді күшейтіңіз. Өзіңізге мынаны айтудан жалықпаңыз: *«Менің қабылдаған шешімім толықтай дұрыс, сол үшін де мен жеңімпазбын!»*

Өмірлік тәжірибе - керемет мұғалім. Соның көмегімен кез-келген қиындықтарды жеңе аласыз. Сол кедергілерге тап болғанда: *«Берілме!»* деген сөзді ұмытпаңыз. Бір ғана сөз өміріңізді жақсы арнаға бұрып, ойларыңызды да өзгертіп жібереді. Жетістіктің құпиясы осы. Егер сіз үлкен олжаға қол жеткізгіңіз келсе, өзіңізді толық сол жұмысқа арнаңыз, әр күн сайын, мына мен сияқты. Еріншектік пен әрекетсіздік өз кезегінде сізді жетістікке апармайды. Зияткерлігіңізді және білуге деген құмарлығыңызды арттырыңыз. Еріккен адам мен үшін ақылсыз адаммен бірдей. Бұның сізге қатысы жоқ шығар. Ештеңе оңай келмейді. Кейде бірдеңеге жету үшін сабырлылықтан басқа табандылық та керек. Өзіңіздің мүмкіндіктеріңізді іздеңіз. Ол мүмкіндіктер қиындықтар мен сәтсіздіктер деп аталатын ұсқынсыз бетпердеде жасырынып жатуы мүмкін. Әсіресе бөтен адамдардың сәтсіздіктерінде. Ойланыңыз, сіздің тағдырыңыз сізге қиындықтар мен келеңсіздіктер арқылы келуі мүмкін. Шығармашылық дүниетанымыңызды

қосып, жаһанды түрде ой қозғаңыз. Ал бастысы, интуицияға сеніңіз, ол сізді алдамайды.

Ешқашан берілмеңіздер! *“Қандай ауыр қиындықтар болмасын, оны жеңу, онымен күресу, табандылық таныту, өз-өзіңе сенімді болу, міне, мені жетістікке жеткізген қасиеттер, сіздің де қолыңыздан бәрі келеді”, - дейді Дональд Трамп.*



QOR.KZ

Үздік кітаптардың қысқа мазмұндамалар қоры